

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша Қазақстан Республикасы
Үкіметінің мемлекеттік міндеттемелерін қабылдаудың кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 876 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 147-бабының 3-тармағына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.06.2026 № 537 қаулысымен.

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 94229561000 (тоқсан төрт миллиард екі жүз жиырма тоғыз миллион бес жүз алпыс бір мың) теңге көлемінде "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізінің "Алматы – Қорғас" автомобиль жолы учаскесінде "НҰР ЖОЛЫ" автомобиль өткізу пунктін салу және пайдалану" мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік міндеттемелері қабылдансын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.06.2026 № 537 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму, Қаржы министрліктеріне жобаға мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулының 1 тармағында аталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша мемлекеттің қаржы міндеттемелерінің қабылдануы мен орындалуын есепке алуды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.06.2026 № 537 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 876 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған мемлекеттік міндеттемелердің жылдар
бойынша көлемі**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.06.2026 № 537 қаулысымен.

Р/с №	Жыл	ИШӨ сомасы, мың теңге	ИШӨ өтеу мерзімдері
1	2018 жыл	40 000 000,00	2018 жылғы қыркүйек
		15 459 807,00	2018 жылғы желтоқсан

2	2019 жыл	14 000 000,00	2019 жылғы ақпан
3	2020 жыл	298 480,00	2020 жылғы ақпан
	Жиыны:	69 758 287,00	

Р/с №	Жыл	ОШӨ сомасы, мың теңге	ОШӨ өтеу мерзімдері
1	2018 жыл	1 045 781,00	2018 жылғы желтоқсан
2	2019 жыл	1 673 249,50	2019 жылғы шілде
		1 673 249,50	2019 жылғы желтоқсан
3	2020 жыл	1 673 249,50	2020 жылғы шілде
		1 673 249,50	2020 жылғы желтоқсан
4	2021 жыл	1 673 249,50	2021 жылғы шілде
		1 673 249,50	2021 жылғы желтоқсан
5	2022 жыл	1 673 249,50	2022 жылғы шілде
		1 673 249,50	2022 жылғы желтоқсан
6	2023 жыл	1 673 249,50	2023 жылғы шілде
		1 673 249,50	2023 жылғы желтоқсан
7	2024 жыл	1 673 249,50	2024 жылғы шілде
		1 673 249,50	2024 жылғы желтоқсан
8	2025 жыл	1 673 249,50	2025 жылғы шілде
		1 673 249,50	2025 жылғы желтоқсан
	Жиыны:	24 471 274,00	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИШӨ – Инвестициялық шығындарды өтеу

ОШӨ – Операциялық шығындарын өтеу